



БАТЫС ФИЛОСОФИЯСЫНЫҢ ЖАҢА ТАРИХЫ

2-ТОМ ОРТА ҒАСЫР ФИЛОСОФИЯСЫ

Орта ғасыр физикасы





Мақсат – Орта ғасыр философиясындағы физика, соның ішінде уақыт, нақты және потенциалды шексіздік, сонымен қатар XIII ғасырдағы натурфилософия мәселелерін талдау.

Жоспар

Аугустиннің уақыт туралы пайымдары.
Филопон – Аристотельдің сыншысы.
XIII ғасырдағы натурфилософия.
Нақты және потенциалды шексіздік.

Түйін сөздер

Уақыт, квинтэссенция, натурфилософия, нақты шексіздік, потенциалды шексіздік.

Аугустиннің «Тәубе» еңбегінің он бірінші кітабында қызу пікірталас туғызған уақыт туралы зерттеулер бар. Пікірталастың басты тақырыбы «Ғаламның жаратылысына дейін Құдай не істеді?» деген сұрақтың жауабына саяды. Аугустин: «Күрделі сұрақтар жайында қазбалап сұрай беретіндерге тозақты дайындап жатты», – деп күлкіге айналдыра жауап берді. Алайда мәселе расында да өте күрделі еді. Әуелде Құдайдың қолы бос болса, одан кейін ғана жарата бастаса, бұл, шындығында да, өзгеріске ұшырамайтын заттардың өзгеретінін көрсетпей ме? Аугустин Аспан мен Жер жаратылмас бұрын уақыттың болмағанын, ал уақыт болмаса, ешқандай өзгерістің де болуы мүмкін емес екенін айтты. «Жыл» деген түсінік әлем жаратылғанға дейін болған жоқ. Құдай уақытты жаратқан соң ғана бұрын-соңды болмаған «уақыт» өлшемі пайда болды. «Егер сен уақытты жаратсаң, онда ол жаратылғанға дейін уақыттың өтуі де мүмкін емес. Сонда Аспан мен Жердің жаратылысына дейін уақыт болмаса, сенің сол кезде не істегеніңді сұраудың мәні бар ма? Уақыт болмаса, онда ешқандай «кез» де, «сәт» те болуы мүмкін емес. Сондай-ақ біз дүниенің неге ертерек жаратылмағанын сұрай алмаймыз, себебі Жер жаратылғанға дейін ешқандай «ертерек» деген түсінік болмаған. Әлемнің жаратылысына дейінгі уақытта Құдайдың болғанын айтудың өзі қате, себебі біз Құдай ісінің белгілі бір реті бар деп айта алмаймыз. Құдай үшін «бүгінгі күн» «кешегі» күнді алмастырмайды және «ертеңгі» күнге жол ашпайды. Ол үшін тек қана шексіз жалғаса беретін қазіргі, осы шақ бар.

Уақыттың өзін жаратылыс деп танып, Аугустин уақытты ғаламды құрайтын кез келген затпен салыстыруға болатын қатты зат ретінде қарастырғандай болып көрінуі мүмкін. Алайда оның дәлелдерінен уақыттың «шынайы» болмайтынын аңғарамыз. Ол: «Уақыт деген не?» – деп сұрақ қояды. «Менен ешкім сұрамаса, бұл сұрақтың жауабын білемін. Егер біреу сұрап қалса, онда білмеймін. Уақыт – өткеннен, бүгіннен және болашақтан тұрады. Бірақ өтіп кеткен уақыт енді жоқ, ал болашақ әлі болған жоқ. Сондықтан шынайы уақыт тек осы шақ қана, ал осы шақ – ол уақыт емес, ол – шексіздік», – дейді ол.

Ұзақ және қысқа уақыт туралы сөз қозғасақ, он күн бұрынғы уақыт – қысқа, жүз жыл бұрынғы уақыт – ұзақ болып есептеледі. Шындығында, өткен шақ не болашақ деген ұғым болмайды. Олай болса уақыт қалайша ұзақ не қысқа болуы мүмкін? Оны қалай өлшей аламыз? Егер өткен шақты ұзақ уақыт деп алсақ, бұл өткен шақтың ұзаққа созылғанына байланысты ма, әлде уақыттың өткен шақта болғанына қатысты ма? Уақыт өткен шақтың ұзақтығымен өлшенсе, қазіргі уақыт тек бір мезеттік сәт болса, қазіргі уақыт қалайша ұзақ болмақ? Жүз жыл – өте ұзақ уақыт, бірақ жүз жылды қазіргі уақыт деуге бола ма? Ғасырдың кез келген бір жылы өткен уақыт болса, кез келген басқа жылы келер уақытқа тиесілі. Мәселен, біз ғасырдың соңғы жылында өмір сүрсек те ол жыл – қазіргі уақыт емес, себебі оның кейбір айлары өткен уақыттың, енді біреулері болашақтың еншісінде. Дәл осындай тұжырымдама күндер мен сағаттарға да қатысты қолданылады. Сағаттың өзі өткінші сәттерден құралады. Болашақтан өткен шаққа лезде өтіп кететін уақыттың бөлінбес бір ғана атомын, «қазіргі сәт» деп атауға болады. Бірақ өткен уақыт пен болашақ уақытқа бөлінбейтін уақыттың ұзақтығы болуы мүмкін емес.

Мезеттердің жиынтығы сәттен көп болуы мүмкін емес. Уақыттың кез келген кезеңінің сатылары да бір ғана уақыт бола алмайды. Қандай да бір өлшем тек қазіргі уақытта ғана жасалуы тиіс. Бірақ, біз, өтіп кеткен немесе әлі келмеген уақытты қалай өлшей аламыз? Аугустин көтерген мәселе уақытты тек ойда туындайтын түсінік деп қабылдаған жағдайда



ғана шешімін табады. Мәселен, оның өтіп кеткен балалық шағы тек оның жадында ғана сақталған. Ертеңгі таң дәл қазір оның болжамында ғана бар уақыт. Өткен уақыт жоқ. Ол тек біздің жадымызда қазіргі уақыт сияқты сақталады. Болашақ, яғни келер уақыт та жоқ, ол бар болғаны біздің болжамымыз ғана. Сірә, біз уақыттың өткен шақ, осы шақ және болашақ тәрізді үш түрі бар деудің орнына, өткен уақытта болған нәрселердің қазіргі уақытта бар болуы (біздің жадымызда), қазіргі уақытта бар нәрселердің қазіргі уақыты бар болуы (көз алдымызда) және болашақ нәрселердің қазіргі уақытта бар болуы (болжам) мүмкін дегеніміз дұрыс болар. Уақыттың ұзақтығы шын мәнінде уақыттың ұзақтығы емес, ол – тек есте сақтаудың ұзақтығы немесе біздің болжамымыздағы уақыт. Уақытты өлшеу дәл қазіргі уақытта санамызда бар ойларды, естеліктерді өлшеумен тең.

Бұл, шын мәнінде, Аугустиннің өзі ойлап тапқан парадоксына қанағаттанарлық жауап бола алмады. Мәселен, балалық шақта болған жайттардың ішінен менің жадымда тек бір мезеті ғана сақтала ма? Бұл жағдайда ол уақытқа бағынбайды және өлшеуге келмейді. Оған уақыт кете ме? Бұл жағдайда оның кейбіреуі өткен шақта және болашақта болуы тиіс. Сондықтан олар өлшенбейді. Бұл тұжырымдарды ескермесек те, өткен уақыттағы оқиғаларды өлшеу үшін қазіргі жадымызды қалай қолдануымыз керек? Біз өтіп кеткен ұзақ, іш пыстырарлық оқиғаны қазіргі уақытта қысқаша түрде есте сақтауымыз әбден мүмкін. Сонымен қатар өткен уақытта болған бір сәттік, бірақ ауыртпалығы зор уақиғаны есімізде ұзақ уақыт бойы сақтай аламыз.

Аугустиннің еңбектерінен оның өз шешімдеріне көңілі толмағаны байқалады. Біздің есте сақтауымыз және үмітіміз – өткен және болашақ оқиғалардың белгісі. Алайда, осы белгілерден басқа, болашақта жоқ бірақ біз есімізде сақтаған және болжай алуымыз мүмкін нәрселер бар. Оның қарама-қайшылықтарын шешу үшін уақыттың субъективті теориясын алға тартқаннан гөрі, оның түйіндерін шешу маңызды. Біз уақытты екі түрлі уақытша бағыт ретінде қарастыра аламыз. Біреуі, «ертерек» және «кейінгі» уақыт ұғымдарынан құралған. Ал екіншісі, өткен уақыт пен болашақ уақыт ұғымдарынан құралған. Аугустиннің қарама-қайшылығы немесе пікірлерінің кереғарлығы екі жүйенің жіптерін шатастырғаннан пайда болды. Ал бұл қайшылық тек осы жіптердің түйіндерін шешкенде ғана анықталады. Ойшылдар бұл шешімді табуға көп жылын сарп етті. Олардың кейбіреуі бұл тапсырманың ойдағыдай орындалғанына әлі де күмән келтіреді.

Аугустиннің уақыт ұғымына деген қызығушылығы христиандық жаратылыс доктринасын дұрыс түсіну барысынан пайда болды. «Кей адамдар дүниені Құдайдың жаратқанына және оның шексіздіктің бастамасы екеніне сенеді, алайда оның уақыттан бастау алатынын түсінгілері келмейді», – деп жазды ол. Аугустин бұл пікірді ұстанушылардың «Құдай кездейсоқ қызба іс-әрекеттен аулақ» деген ойымен келіседі. Әрине, бір нәрсенің бастамасы болмауы және түрлі жағдайларға тәуелді болуы мүмкін деген пікір ақылға сыйымды. «Егер аяқ уақыттың шексіз шаңынан пайда болса, онда табанның ізі әрқашан да оның астында болады. Бірақ ешкім де ол табан ізінің аяқтан пайда болғанына күмән келтірмейді. Демек, ешкім ешкімнен уақытша болса да маңызды бола алмайды».

Аугустиннің пікірінше, «дүние қашан да болған» деп айтатындардың пікірін дұрыс деуге болады. Егер олар дүние жаратылысына дейін уақыт болмаған деп тұжырымдаса, онда дұрыс айтады. Себебі уақыт пен жаратылыс бір уақытта бастау алды. Дүние жаратылғанға дейін уақыт болды деген тұжырым да, бұл дүние біткен жерде басқа кеңістік бар деген тұжырым да қате. Сондықтан, біз Құдай дүниені осыншама жыл өткен соң ғана жаратты дей алмаймыз. Бұл жаратылыстың уақытын белгілей алмайтынымызды білдірмейді. «Киелі кітапқа» сенсек, дүние шамамен алты мың жыл бұрын пайда болды.

«Дүниенің бастауының болуы мүмкін емес» деген пікірталас туғызған дәлелдер Аристотельдің еңбектерінен басталды деп есептейтін бірқатар дәлелдер бар. Аугустин осы пікірмен танысқан соң, оған қарсы шығуға бекінді. Алайда Аристотельдің пікірін жоққа шығаруға талпынғандардың алғашқысы Иоанн Филопон болатын.

Филопонның «Аристотельге қарсылық, Дүниенің мәңгілігі туралы» деп аталатын еңбегі оның қарсыласы Симплицийдің түсіндірмелерінен алынған дәйексөздерде ғана сақталса да, бұл дәйексөздер оның пікірін толықтай қайта құрастыру үшін жетерлік деуге болады. Еңбектің бірінші бөлімі Аристотельдің квинтэссенция теориясына қарсы дәлелдемелерге арналған. Филопон мұнда, атап айтқанда, жоғарыға әрі төменге табиғи түрде қозғалатын жер, ауа, от және



су тәрізді төрт элементтің, оған қоса әрекеті қайталанып келетін бесінші бір элемент – эфирдің бар екенін пайымдайды. Әлемнің аспан және аспан асты аймақтарының табиғаты бірдей және олар бірдей элементтерден құралған.

Аристотель барлық пайда болатын заттар қарама-қарсылықтан туындайтынын, сондықтан да аспанның шексіз болатынын айтты. Ал айналма қозғалыста қарама-қарсылық болмағандықтан, квинтэссенцияның ешқандай қарама-қайшылығы болмайды. Филопон ғаламдық қозғалыстардың күрделілігін астрономиялық субстанциялардың шеңбер бойынша қозғалатынына жүгіну арқылы түсіндіруге болмайтынын алға тартады. Ең маңыздысы, ол Аристотельдің дүниедегі бүкіл зат атаулы қарама-қарсылықтан туады деген пікірін жоққа шығарды. Жаратылыс дегеніміз – затты жоқтан жарату деген сөз. Алайда бұл кеменің ағаштан жасалатынындай, ғайыптың тіршілік иелерін құрайтын материалдың зат екенін дәлелдей алмайды. Бұл жоқтан бар жасалмайды дегенді білдіреді. Филопонның айтуынша, дүниенің шексіздігі туралы түсінік христиандық жаратылыс доктринасына ғана емес, Аристотельдің «еш нәрсе де уақыт кезеңдерінің шегінен әрі өте алмайды» деген өз пікіріне де сай келмейді. Өйткені, егер дүниенің бастауы болмаса, онда ол шексіз жылдарға ұласып, одан 365 рет шегі жоқ күндерден өтер еді.

Филопон Аристотельдің «Физика» еңбегіне жазған түсініктемелерінде оның табиғи және күшпен болатын қозғалыс динамикасы жайлы пікірін өткір сынға алады. Аристотель баллистикалық қозғалыстарды түсіндіруде біраз қиыншылықтарға кезігеді. Мен тас лақтырған кезде, менің қолымнан ұшып кеткен тас қалайша жоғары және ілгері қарай қозғалады? Оның табиғи қозғалысы төменге қарай құлауы және менің қолым оған күштеп жоғарғы қозғалысты таңу мақсатында байланыспайды. Аристотель: «Белгілі бір нүктеден лақтырылған тас ауа арқылы ілгері серпіледі», – деп жауап берді. Бұл жауапты Филопон ащы мысқылмен сынайды. Үзіліссіз қозғалыс лақтырылған тастың өзінен пайда болады, яғни лақтырушы оған материалды емес, кинетикалық күш береді, деп жауап қайтарады Филопон. Кейін бұл күшке физиктер «импульс» деген техникалық атау берді. Галилео мен Ньютонның «қозғалыстағы дененің үзіліссіз қозғалысын түсіндіру үшін ешқандай да сыртқы немесе ішкі үзіліссіз қозғалыстағы себептің қажеті жоқ» деген қағидасы пайда болғанға дейін, импульс теориясы өз маңызын жойған жоқ.

Филопон импульс теориясын ғарыштағы барлық денелер үшін қолданды. Мәселен, аспан денелері өз орбиталары бойымен жаны бар болғандықтан емес, Құдай оларды жаратқанда, оларға белгілі бір импульс бергенінің арқасында қозғалатынын айтты. «Импульс» ұғымы серпін, яғни инерция ұғымының пайда болуымен қолданыстан шығып қалғанына қарамастан, Аристотельден кейінгі зерттеушілердің алға үлкен қадам жасауына септігін тигізді.

Аристотельдің табиғат философиясы ғасырлар бойы маңызын жойған жоқ. Ислам және латын философиясында табиғат Аристотельдің еңбектеріне, әсіресе «Физика» еңбегіне жазылған түсіндірмелерге сүйене отырып зерттелді. Роберт Гроссетест және Ұлы Альберт сияқты тұлғалар Аристотельдің ғылыми көзқарасын кейбір тақырыптарды тереңірек зерттеу арқылы жетілдіре түсті. Аристотельдің еңбегі он төртінші ғасырға дейін негізгі концептуалдық еңбек болып қала берді. Бұны қозғалыс, уақыт және себептілік тұжырымдамаларын қарастыра отырып дәлелдей аламыз, – деп жазады Кенни.

Аристотель қозғалыс дегеніміз: «мүмкіндігінше, әлеуеттілік аумағындағы нақтылық», – дейді. Араб түсіндірмешілері мұны категориялар жүйесімен байланыстыруға тырысты. Ибн Сина қозғалысты *passio* категориясына жатқызды және табиғаттағы барлық өзгерістер табиғи дүниенің айналасында, алуан-алуан түрлерді шыр көбелек айналдыратын аспандағы құдіретті зерде арқылы жүзеге асатынын айтты. Ибн Рушд Аристотельдің «қозғалыс» деген ұғымы өзгерістің көптеген түрін қамтитынына ерекше мән берді. Жергілікті қозғалыс бір жерден екінші жерге орын ауыстырса, өсу қозғалысы өлшемді өзгертеді. Сонымен қатар, сапа өзгерістерінің басқа да түрлері бар. Қозғалыстың қандай да бір түрі орын, сан немесе сапа тәрізді соңғы мақсатына сай категорияға жатқызылады. Аспан зердесі жұмысының пассивті нәтижесі бола отырып, тірі немесе өлі табиғат денесінің қандай да бір өзгерісі ішкі фактордың себебінен пайда болады (*a motor conjunctus*).

Аристотель үшін уақыт пен қозғалыс бір-бірімен тығыз байланысты болды. Қозғалыс уақытпен өлшенеді және уақыт өз үзіліссіздігін қозғалыстың үзіліссіздігінен алады. «Қозғалыс пен уақыттың бастамасы бар ма?» – деген сұрақ, Құдайдың бар-жоғының дәлелдерімен қатар,



он үшінші ғасырдағы христиан ойшылдарының қызу пікірталасын туғызған тақырыптардың бірі еді. Кейбір дінтанушылар әл-Кинди және кәлам ойшылдарының пікірлерін қолдай отырып, Филопонның дәлелдері негізінде «философия табиғи дүниенің бастамасы барын дәлелдей алды, сондықтан табиғи әлемді жаратушы тылсым күшке – Құдайға деген қажеттілік туды» деп есептеді. Ал кейбір философтар әлемнің бастауы «Болмыс кітабы» үйреткендей, таза философиялық ой-пікірлермен анықталатын нәрсе емес деп санайды.

Акуинолық Томас «Теология суммасы» еңбегінің бірінші бөліміндегі қырық алтыншы сұрақта екі жақтың да дәлелдемелерін қорытындылады. Бірінші мақалада, ол дүниенің («тіршілік иелерінің әлемі») әрқашан да болғанын растайтын он дәлелді алға тартты. Екінші мақалада, әлемнің ең әуелгі бастамасы болғанын растайтын сегіз дәлел келтірді. Ол екі жақтың да дәлелдерін жоққа шығаратын фактілерді ұсынды. Әлемнің бастамасы бар екенін ғылыми түрде дәлелдеуге немесе түсінуге болмайтынын, оған тек сенім арқылы көз жеткізуге болатынын айтты.

Ортағасырлық ойшылдардың көбі Аристотельдің «нақты шексіз сан» ұғымын логикалық тұрғыдан түсініксіз деп есептейді. Оның ойынша, материя шексіздікке бөліне алады. Бірақ ол материяның шексіз көптеген бөлшектен тұратынын меңземейді. Ол әр бөлінген сайын ары қарай тағы бөліне алады дегенді білдіреді. Аристотель шексіздік тек әлеуетті түрде ғана болуы мүмкін деп тұжырымдады.

Аристотельдің өзі синхронды нақты шексіздікке қарсы шықты. Оның ойынша, әлем әрқашан да болған, және бұл шексіз уақыт кезеңдердің өткенін білдіреді. Бірақ ол бұл ережені ортағасырлық ойшылдармен бірге шексіздіктің бөлінетініне ғана емес, жаратылған дүниенің ұзақтығына да қатысты қолданды. Дүние уақыттан пайда болғанын дәлелдегісі келгендер, шексіз дүниеге сену – нақты шексіздікке деген сенімді қалыптастырады деп тұжырымдады. Бұл жайында Бонавентура былай дейді: синхронды болмаса да, нақты шексіздіктер бар болса, оларды жылдар мен айлар сияқты санауға болатын еді. Бірақ саналатын шексіздік болатын болса, онда тең емес шексіздіктер болар еді. Ал ол көзқарастар шиеленіске алып келер еді.

Ортағасырлық ойшылдар бұл шиеленіске әртүрлі жауап берді. Кейбіреулері шексіз санға қатысты «тең» және «одан үлкен» деген тіркестерді қолдануға қарсы шықты. Келесі топ тең және тең емес шексіздіктер болуы мүмкін деді, бірақ «біртұтастық оның бір бөлігінен үлкен» деген аксиоманың шексіз сандарға қатыстылығын жоққа шығарды. Аристотель ұзақтықтың бөліктері әлеуетті түрде бір-бірінен ерекше болғандықтан, шексіз бөліне беретін ұзақтық тең емес шексіздіктер мәселесін туғызбайды деген болжам айтты. Әрі әлеуетті болмыстар нақты болмыс сияқты санауға келмейді. Он төртінші ғасырда кейбір ойшылдар «шексіздік көзге көрінбейтін, шексіз саннан құралатын атомдардан тұрады» деген пікірді қолдады. Олардың арасындағы ең көрнекті өкілдің бірі – 1312 жылы Оксфорд университетінің канцлері болған Генри Харклей еді.

Аристотель ешқандай мәні жоқ нүктелерден құралатын үздіксіздік болуы мүмкін емес деп тұжырымдады. Нүктенің бөлшектері жоқ болғандықтан, оның ішінде шекара болуы мүмкін емес. Сондықтан екі нүкте бір-біріне бір нүкте ретінде жанаса алмайды. Алайда Генри олардың бір-бірімен жанаса алуы мүмкін екенін айтты. Олар, шынымен де, бір-біріне толықтай жанасады. Бірақ олардың әрқайсысы өз орнына қарай өзара ерекшелене отырып, бір-бірін толықтырып орналасады. Бұл теория түсінуге күрделі болғандықтан, Брэдвардин оның Евклид геометриясының мәнін кетіргенін көрсете алды. Егер сіз шаршы ішіндегі қабырғаның әрбір атомынан келесі қабырғадағы әрбір атомға дейін түзулер жүргізсеңіз, атом шаршы қабырғасына неше рет тисе, түзулер диагональға сонша рет тиеді. Бірақ мұны диагональдардың қабырғаларға сәйкес келмейтінімен салыстыра алмаймыз.

Оккам Генриге қарсы радикалды позиция ұстанды. Өзінің жалпы редукционистік бағдарламасы аясында ол нүктелердің абсолюттік болмысы жоқ деп тұжырымдады. Құдайдың өзі нүктені басқа заттарға тәуелсіз етіп жарата алмайды. Генридің көзқарасы бойынша, түзу нүктелерден құралғанға дейін, нүкте тек түзудің шегі немесе үзіндісі болды. Оккам Аристотельдің нақты шексіздік болуы мүмкін емес деген ұйғарымын мақұлдайды. Ол нүктенің кез келген бөлінетін нәрседен өзгеше бөлінбейтін нәрсе екенін көрсететін теореманы қолданады. Егер нүктелер осындай атомдар болғанда, онда олар сансыз көп болатын еді. Қандай да бір ағаш бетінде сіз қандай да бір түзу жүргізе аласыз, ал осы түзудің әрқайсысы нүктемен аяқталады.



Егер нүктелер шын болса, онда нақты өмірде бар нәрселер шексіз көп болатын еді. Ал бұл мүмкін емес және философияға қайшы, – деп есептеді Оккам.

Осылайша, біз Энтони Кенни еңбегінің бесінші тарауында қарастырылған Орта ғасыр философиясындағы физика мәселелері туралы айттық. Келесі дәрісімізде Орта ғасыр философиясындағы метафизика мәселесіне назар аударатын боламыз.

Тақырыпты бекітуге арналған сұрақтар

1. «Ғаламды жаратқанға дейін Құдай не істеді» деген сұрақ орта ғасыр философиясында неліктен қызу пікірталас тудырды?
2. «Уақыт дегеніміз не?» деген сұраққа Аугустин қалай жауап береді?
3. Аугустиннің көзқарасы бойынша «өткен шақ», «қазіргі шақ» және «болашақ» ұғымдары нені білдіреді?
4. Аугустиннің пікірі бойынша уақыт ұғымы христиандық жаратылыс доктринасымен қалай байланысады?
5. Не себепті Филопон Аристотельдің табиғи және күшпен болатын қозғалысын сынады?
6. Филопонның импульс теориясы дегеніміз не?
7. Аристотельдің потенциалды және нақты шексіздік теориясы орта ғасырда қалай дамыды?
8. Тең емес шексіздік мәселелерінің мәнісі неде?

Әдебиет

1. Anthony Kenny. Medieval Philosophy: A New History of Western Philosophy, Volume 2. – Oxford University Press. – 2014. – 352 p.
2. Кенни Э. Батыс философиясының жаңа тарихы, 2 том, Орта ғасыр философиясы. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2018. – 400 б.
3. Рассел Б. История западной философии. В двух книгах. Книга 1. – М.: Миф, 1993. – 512 с.
4. Соколов В.В. Средневековая философия. – М.: Высш. школа, 1979. – 448 с.